


«Келісілді» 
әдіскер: А.Е. Жумалиева
Инноватор әдіскер:
С.Б. Сарсенбаева 

«Бекітілді» 
№40 «Болашақ» бөбекжайы МКҚК
менгерушісі: Н.А. Сағынғалиева
Педагогикалық кеңес шешімі
«29» тамыз 2023 жыл



Инклюзивті білім беру бағытындағы перспективалық жоспар
2023-2024 оқу жылы
Кіші топ

Педагог-психолог: Б.С.Ибраева

Орал қаласы

Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспар психикалық дамуы тежелген және қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы деңгейіндегі ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал ету. Бұл жылдық оқу жоспар Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрықпен бекітілген «Бөбек жасындағы балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мен ҚРБҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша үлгілік оқу бағдарламасы мен Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми- практикалық Орталығының «Аутизмі Бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы» әдістемелік нұсқаулықтарын (2020 жылғы 30 маусымдағы №26 хаттама) негізінде құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Мектепке дейінгі білім берудегі ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға психологиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін зерттеу және сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, дамудағы кемшіліктерді түзете отырып психологиялық көмек көрсету.

Міндеттері:

- түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- бала дамуындағы кемшілікті түзету және жою, екінші кемшіліктің алдын алу;
- дамуындағы кемшіліктерді түзетуде балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру;
- баланың психофизикалық даму кемшіліктерін түзеп, жеке тұлғалық қасиеттерін зерттеп, баланың мүмкіншілігін қабілетін анықтау;
- арнайы түзетуші іс-әрекетте түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;
- жеке және топтық арнайы түзетуші іс-әрекетте әр баланы жеке зерттегеннен, кейін жеке дамыту бағдарламасын құру;

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Шығармашылықабілеттерің дамыта отырып психикалық процестерін қалыптастыру.		Айы
	Шығармашылық	Психикалық таным процесстерді дамытуға арналған ойындар	
1	Балаларға балабақша туралы түсінік беру. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап көрсетуді үйрету. Балабақшаға баратын жолды қарындашпен сызып өтуге үйрету.	Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Балабақша туралы білімдерін арттыру.	Қыркүйек
2	Балаға жеміс түрлерімен таныстыру. Жемістердің түсі, көлемі пішінін Ермексазарқылы бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің көрсетуге үйрету.	«Суреттерді есінде сақта» Көру арқылы есте сақтауды дамыту. Бірнеше жемістердің суреттерді көрсетеді. Бала суреттерді есте сақтауы тиіс. Есінде қалған суреттерді айтады.	
	Отбасы мүшелерін атап айту білімін меңгерту. Отбасы туралы жалпы түсінігін қалыптастыру.Құм терапиясы арқылы саусақ моторикасын дамыту.	«Көлеңкесін тап» - ойыны. Барысы: Отбасы суретінің көлеңкелерін тауып сәйкестендіреді, отбасы мүшелерін атап айтады.	Қазан
3	Балаға алтын күз туралы түсінік беру, күз мезгіліндегі ерекшеліктерімен таныстыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, төрт түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Жапырақтарды түрлі түске бояуды үйренеді.	«Көкөністерді жина» Көкөністерді танып айтуға және екі бөлікке бөлінген суреттерді құрастыруға үйрету. Ойлау қабілеті зейіні дамиды.	
4	«Құстар» Балаларды шығармашылыққа қызықтыру арқылы түзету іс-әрекетіне қатыстыру, балаларға құстар туралы түсінік беру, құстар түрлерімен таныстыру Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.	«Қиынды суреттерді құрастыр» - Екі – үш бөлікті құстардың қиынды суреттерін құрастыру және жапсыру арқылы саусақ үйлесімділігін ойлау қабілетін және зейінін дамыту.	

5	Көліктерді айырып атауға үйрету. Қиялын, қабылдауын, шығармашылық қабілетін, еске сақтау қабілетін дамыту. Әртүрлі көлік түрлерін түрлі-түсті қарындаштармен бояуға үйрету. Ұсақ моторикасын дамыту. Түстерді айырып атау білімін бекіту. Аңдар мен үй жануарлары туралы түсінік беру. Саусақпен сурет салуды жетілдіру, қасқыр мен қойдың дайын суретін бастыруға үйрету. Ойлау қабілетін, зейінін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Суреттерді балаға көрсетіп, не екенін сұрау. Әр қатардан артық затты табуын тапсыру. Қалғанын жалпылап атай білуге үйрету. Қиялын, қабылдауын, шығармашылық қабілетін, еске сақтау қабілетін дамыту	
6	Отан туралы білімін кеңейту. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	Жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру, бұлшықет қысымын түсіру, таным процесстерін дамыту. Қол қимылы қозғалысы мен ұсақ саусақ моторикасын дамыту.	
7	«Қыс қызығы» Қыс мезгілі туралы түсінік беру, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтуға үйрету. Ермексаздан аққаланың бейнесін жасау арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту. Түстерді ажыратып атауға үйрету, тілін дамыту.	Жыл мезгілі қыс туралы білімін бекіту. Шығармашылық қиялын, зейінін, жалпы және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. Жағымды көңіл-күй қалыптасады.	Қараша
8	Күтілетін нәтиже: жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; - қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; - заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады; - қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды; сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; - суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; - мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; - ермексазбен әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді;	Күтілетін нәтиже: - саусақ моторикасы дамиды - Ойлау қабілеті дамиды - Көріп қабылдауы қалыптасады. - Зейіні тұрақталып, есте сақтау дамиды. - Жағымды эмоциялар қалыптасады. - Шығармашылық қабілеттері артады.	
9			Желтоқсан

10	• мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады; • қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; • қысқа және ұзын жолақтарды қияды; текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды. Балаларға жаңа жыл мерекесі мен шырша туралы әңгімелеу. Сурет бойынша табиғат ерекшеліктері таныстыру. Жаңа жыл кейіпкерлерімен таныстыру. Аяз атамен ақшақардың сыйлығын бейнелеу.. Үйұстар туралы білімін бекіту. Зейінін, еске сақтау қабілетін, сұраққа жауап беруге дағдыландыру мақсатында тілін дамыту. Пішіндерді қайталау, олардың түр – түсін ажыратып айтқызу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. Балаларға мамандық туралы түсінік беру. Мамандық түрлерімен таныстыру. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Әр түрлі маман суреттерінен өздеріне ұнаған мамандықты бояу. Балаларға техника құралдары жөнінде түсінік беру. Білімдерін кеңейту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мүсіндеуде қысу, тарту,	Психогимнастика Қанекей балалар, кішігірім қойылымға қатысайық. Қойылымымыз «Шалтай – Балтай» деп аталады. Шалтай – Балтай отырған еді биік қорған үстінде, Шалтай – Балтай ұйқтап жатып құлап кетті түсінде. Алдымен денемізді бос ұстап оңға – солға бұрамыз, қуыршақ ойыншық секілді қолымызды бос ұстаймыз. «Құлап кетті түсінде» деген сөз айтылғанда – денемізді бірден төмен еңкейтеміз. «Суретші нені ұмытты?» Тауық пен балапан суретіндегі жеткіліксіз бөлшектерін тауып атап айтады. Өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру. Балапанның қиынды бөліктерін құрастырып жапсырады. Балаларға мамандық түрлерімен және олардың ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың эстетикалық сезімдерін, қиялын дамыту, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, түстердің үйлесімділігін бере білуге жаттықтыру. Балаларды белсенді әңгімелеуге ынталандыру.	Қаңтар Ақпан
----	---	--	----------------------------

11	басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.	«Жоғары-төмен, алыс-жақын». Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: жоғары-төмен, алыс-жақын, ажырата білуді үйрету. Әлеуметтік сенімді қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын, ойлауды дамыту, визуалды қабылдау, қоршаған ортамен таныстыру.	
12	Тәулік бөліктері» Балаға тәулік бөліктерін түсіндіру. Тәулік бөліктеріне сай суреттерді ажыратып бояуға үйрету. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын тәулік бөліктеріне сай элементтерді жапсыру арқылы жасау.	Нейрожаттығу Алақан шапалақта Күн және түн	
13	Көктем мезгілі мен таныстыру. Танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылық жұмысқа қызығушылығын арттыру, бәйшешек гүлін қылқаламмен бояуға саусақ үйлесімділігін дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды үйрету.	Релаксация «Көктем» Жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру, бұлшықет қысымын түсіру, таным процестерін дамыту. Қол қимылы қозғалысы мен ұсақ саусақ моторикасын дамыту.	Наурыз
14	«Наурыз мейрамы» Қазақтың ұлттық ою-өрнегі, салт-дәстүрлері туралы түсінік беру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.. Еске сақтау, ойлау, зейін, қабылдау қабілеттерін дамыту. Суреттегі орамалға әртүрлі пішін суреттерін салып әдемілеп түрлі-түсті қағаздармен жапсыруды үйрету.	«Артығын тап» Зейіні мен қабылдауын дамыту.	
15	Есте сақтау, визуалды қабылдау, қозғалтқыш белсенділігі, ойлауды дамыту, қоршаған ортамен танысу. Қағаз парағын дәл ортасынан екі бүктеп қоямыз. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Қағаздың бір бөлігіне бояулармен сурет желім арқылы жапсырамыз.	«Хош иісті гүл» жаттығуы. Гүлдеріміз қызғалдақ <i>(орындарынан тұру)</i> Ашылады әдемі-ақ <i>(қолдарымен гүлді көрсету)</i> Желмен біргешайқалып <i>(жеңіл теңселіп)</i> Мұрынға жақынапарып <i>(гүлді иіскеу қимылын көрсету)</i> Бір искейіктамсана Хош иісі тамаша!	Сәуір

16	Достық туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Дос туралы ұғымды қалыптастыру. Достарға қамқорлық, көмек беру ұғымдарын кеңейту. Досыңа арнап сыйлықтың суретін салып бояу. Досыңмен бөліс, көмектес ұғымдарын меңгерту. Балаларға бастырып, сурет салу.	«Ертегі терапия» «Екі дос».	
17	Жаз мезгілі туралы түсінік. Жаз мезгілі туралы сурет арқылы әңгімелеп балалардың түсініктерін қалыптастыру. «Бұл қай мезгілде» Балаларға әр жыл мезгілге сай ерекшеліктері бар сурттер ұсынылады. Суреттерді қай мезгілге жататаның ажыратып атауы қажет. Жаз мезгіліне сай сурттін дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы бейнелейді. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.	Иә – жоқ» ойыны Жыл мезгілдерін ажырату арқылы психикалық қабілеттерін дамыту.	Мамыр
18	Күтілетін нәтижелер: ➤ бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді; әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді; өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайдымүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және	Күтілетін нәтижелер: ➤ Логикалық қабілеттері дамиды. ➤ Сөздік қоры артады ➤ Өз ойын анық жеткізуге тырысады.	
19	➤ мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады; мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады; мүсіндеуде кескішті қолданады; ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады; ұжымдық жұмысқа қатысады ➤ заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз	➤ Эмоция білдіре алады ➤ Танымдық процестер (есте сақтау, зйін, қабылдау,ойлау) қаблеттері дамиды. ➤ заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады; ➤ жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды;	

	бетінше ойдан қиып жапсырады; жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды; ➤	➤ таныс ойыншығының бейнесін затпен сәйкестендіреді; ➤ ойыншықтармен әрекеттерді (жаяды-жинайды, алады-салады, апарып қояды) орындайды.	
--	--	---	--